

**Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының № 50 сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

2023 жылғы 23 мамыр

**№ 4 педагогикалық кеңес (жоспардан тыс)
ХАТТАМА КӨШІРМЕСІ**

Тақырыбы: «Павлодар қаласының № 50 сәбилер бақшасы» КМҚК-да өзін-өзі бағалауды өткізу туралы

Қатысқандар: 29 педагог, медбике, есепші, шаруа меңгерушісі

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс кезеңіне толық өзін-өзі бағалауын өткізу тәртібі.
2. Ұйымның өзін-өзі бағалауына комиссия мүшелерін бекіту

Педагогикалық кеңестің барысы:

1. Осы мәселе бойынша басшы А.А.Омарова сөз сөйледі, ол қатысушыларды «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті» 2022 жылғы 11 қараша №268 бұйрығымен және Павлодар облысының білім беру ұйымдарында 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауды өткізу кестесімен таныстырды. Осы бұйрық негізінде балабақша 2023 жылғы тамыз айында мемлекеттік аттестаттауға жатады.

Балабақша мемлекеттік аттестаттау алдында өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Білім беру ұйымдары 2023 жылдың 23 мамырынан 2023 жылдың 23 маусымына дейін талдау жолымен көрсетілетін білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкес келуі.

Алтын Асхатовна ұжымды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығымен, мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 әдістемелік ұсынымдарымен таныстырды.

2. Өзін-өзі бағалау үшін комиссия құру қажет, оның мүшелері берілген қосымшаларға құжаттарды дайындауын айтты.

Дауыс беру барысында бірауыздан шешім қабылданды:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамын құру: комиссия төрағасы А.А.Омарова, комиссия мүшелері Э.А.Султанбаева (әдіскер), А.П.Садыкова (есепші), А.А.Салыкова (медбике), А.А.Тулбаева (шаруа меңгерушісі).

2. Комиссия хатшысы Ж.Б.Имангалиева (психолог) таңдау.

3. Комиссия мүшелері 2023 жылдың 23 маусымына дейін 3 жыл ішінде білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын.

4. Комиссия 2023 жылғы 23 маусымында білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын қорытындылап педагог кеңес өткізсін.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы құрылсын.

2. Комиссия мүшелері білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша есептерді дайындасын.

4. Комиссия мүшесі білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын қорытындылап педагогикалық кеңес өткізсін.

Төрағасы

Хатшы



А.А.Омарова

Ж.Б.Имангалиева